

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Заң
Факультеті**

6B04245 Құқықтану даярлау бағытының білім беру бағдарламасы бойынша

3-курс, ЗХҚ-311 тобымен өткізілген тәлімгерлік топ сағатының

ХАТТАМАСЫ

Түркістан қ.

26.11.2025 ж.

Қатысушылар: 3-курс ЗХҚ-311 топ эдвайзері және білімгерлері

Тәрбие сағат тақырыбы: Адалдық, парасаттылық және заңға құрмет

Өтетін орны: 705 аудитория

Уақыты: 15:30 – 16:20

Күн тәртібі:

«Адалдық, парасаттылық және заңға құрмет»

(Дискуссия форматында)

Куратор А. Медетов кураторлық сағатты ашып, қатысушыларды « Адалдық, парасаттылық және заңға құрмет » тақырыбымен таныстырды. Тәрбие сағаты 705 аудиторияда, 15:30–16:20 уақыт аралығында өтті. Ол адалдық, парасаттылық және заңға құрмет қағидалары қоғам дамуы мен міндеттерді адал атқаруда негізгі ұстанымдар болып табылатынын атап өтті. Адалдық, парасаттылық заңға бағыну – тек міндет қана емес, сонымен қатар елге деген құрмет пен жауапкершіліктің көрінісі екенін айтты. Куратор студенттерге адалдық – оқу, қарым-қатынас, қоғамдық іс-шараларда шынайылық пен әділдік таныту, парасаттылық – дұрыс шешім қабылдау, әдеп нормаларын сақтау, мәдениетті мінез-құлық көрсету екенін, заңға құрмет – жалпы заңнаманы сақтау, жауапкершілікке бейім болу қағидалары жайлы түсіндіріп өтті.

Тақырып аясында академиялық адалдықты сақтаудың тиімді жолдары, парасаттылықты студенттік өмірде қалай дамытуға болатыны жайлы, заң талаптарын бұзудың салдары және оны алдын алу тәсілдерін жан жақты талқыланып, өз пікірлерін ортаға салып, белсенді түрде пікір алмасты. Қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар берілді, қатысушылар пікір алмасып, ұсыныстарын білдірді. Одан кейін студенттермен еркін пікір алмасу ұйымдастырылды. Кейбір студенттер өмірден алынған нақты оқиғалармен бөлісіп, емтихан кезінде адалдық қағидасын бұзу жағдайлары, студенттер арасындағы әдеп сақтамау мысалдары, оқу орнындағы ішкі ережелерді бұзу мен құқықтық жауапкершілікке әкелетін жағдайларға мысалдар келтірілді. Куратор студенттердің жауаптарын толықтырып, заң нормаларын сақтау әр азаматтың жеке және қоғамдық өміріндегі тұрақтылықтың кепілі екенін қорытындылады. Сондай-ақ сағат соңында студенттерді жеке және топтық талқылауға шақырып, тақырып

бойынша өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік жасады. Сонымен қатар куратор студенттердің жауаптарын ескере отырып, адалдық, парасаттылық және заңға құрмет қағидаларына байланысты түсініктеріне талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде студенттерде аталған қағидаларды күнделікті оқу үдерісінде және қоғамдық өмірде дұрыс қолдануға бағытталған жауапты ұстанымдарды қалыптастырды. Іс-шара жоғары деңгейде, тәрбиелік және танымдық бағытта өтті. Студенттер белсенділік танытып, құқықтық сана мен азаматтық жауапкершілік туралы терең түсінік қалыптастырды.

Эдвайзер: «Конституциялық құқық және азаматтық құқық» кафедрасының

PhD, аға оқытушы А. Медетов



Хатшы: ЗХҚ-311 тобының топ басшысы Г. Ақжігіт



